

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

невозможно предсказать, как именно английский язык может пригодиться в будущей жизни, но то, что он будет мне нужен - это точно! На данный момент наша страна становится все более открытой для международного сотрудничества. Если мы хотим воспользоваться мировым опытом, разговаривать и договариваться с людьми разных национальностей – то это еще раз доказывает важность английского языка в современном обществе. И чем лучше мы будем его знать, тем больше сможем узнать о других, а также заявить о себе.

Список использованных источников:

1. Журина Т.Ю. Тематический сборник, Москва, «Дрофа», 2005г;
2. <http://ru.wikipedia.org/wiki/>;
3. <http://newssinphoto.ru/>;
4. www.kommersant.ru/doc/2165684;
5. Хисаметдинова Ф.Г. , Закирова Р.Г. «Введение в языкознание»- Сибай, 1999 г.

ӘОЖ 81'373.16

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН АНТРОПОНИМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

Бейсенов Мұхтар Серікұлы

non-progredi-est-regredi@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Кусаинова Р.Е.

Ұлтты танудың бірден-бір құралы - оның тілі. Тіл мен тарих тамырлас деп айтатынымыз бар.

Біздің мақаламыздың тақырыбы ономастика, яғни антропонимдердің төңірегінде өрбімек. Ономастиканы халықтың тарихи мәдени және ақпараттық коды деп айтуға болады. Тілдің сөздік құрамында аппелятивтерге қарағанда саны біршама болып келетін онимдер халықтың болмыс-бітімін, дүниетанымын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, сайып келгенде оның тарихын көрсететін бірден-бір танымдық құрал деуге әбден болда. Оған лингвист ғалымдар айтқан көптеген негізді пікірлер дәдел. Мысалы: ресейлік ономаст В.А.Никонов: «первый закон антропоними, как и всей ономастики – историзм» деген екен [1]. Ал ғалым Н. Уәли «Сөз де сырсандық тәрізді. Сәті түсіп, кілті табылғандай болса, көп нәрсені баян етіп, халықтың өткендегі ой-қиялы, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы туралы сыр шертіп тұрады»[2], - деп, лингвистика пластарының бірі ономастиканың танымдық немесе гносеологиялық қызметін атап көрсетеді. Осы орайда онимдер тек идентификациялау, индивидуализациялау және дифференциациялау қызметін атқармай, гносеологиялық қызмет атқарады және ономастикалық бірліктердің ментальді-когнитивтік сипаттарын айқындау қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі деп айтуға болады.

Ономастика кешенді ғылым саласы. Тілдік единицалардың үлкен шоғырын құрайтын жалқы есімдер тек лингвистика саласының нысаны емес, пәлсапа, әлеуметтану, тарих, жағрапия секілді ғылымдар үшін де айрықша маңызға ие. Аталған лексемаларды зерттеп-зерделеу бірталай ғылымдар үшін ортақ іс болып табылады.

Мақала тақырыбына өзек болған сала ежелден ғалымдардың қызығушылығын тудырған әрі зерттеу объектісі болған, алайда 20 ғасырдың 30 жылдары ғана ғылыми статус иеленген, ал қазақ тіл білімінде 20-ғасырдың 50-60 жылдары зерттеле бастаған.

Тар мағынасында номинациялау қызметін атқаратын және адам өмірінің барлық салаларын қамтитын жалқы есімдер екі негізгі топ – антропонимдер және топонимдер деп жіктелсе, ал олар өз ішінде жік-жікке тарамдалады. Адам есімі тегі, аты, әкесінің аты сияқты үш компоненттен құралса, оның әкесінің не атасының атына негізделген компонентін лингвистикада патронимдер деп атайды. Тау, таулы алқаптардың аттары – оронимдер, ал

елді мекендер атауларын зерттеумен айналысатын ономастиканың бір саласы ойконимия деп аталады.

Жаңа туған нәрестеген ат беру қай халықта болмасын ерекше мәнді иеленген десе болады. Адам есімі оның тағдырымен сабақтас болады деген пікір бекер айтылмаса керек халық арасында. Есім беру - халықтың ежелден келе жатқан, ізі суымаған игі дәстүрі, сондықтан қазақ халқы да осы рәсімге ерекше мән берген.

Профессор Т.Жанұзақовтың қазақ есімдерін табиғат құбылыстармен байланысты есімдер, мал шаруашылығына байланысты есімдер, асыл металдарға байланысты атаулар, жеміс-жидек атаулары байланысты есімдер, туыстық атаулармен байланысты есімдер, жер-су аттарына қойылған есімдер, түрлі тағам аттарына байланысты есімдер, тағы аңдар мен үй хайуандары және құстарға байланысты есімдер деп, он лексика-семантикалық топқа жіктейді [3].

Қазақ халқы мен ағылшын халықтарындағы жаңа туған нәрестеге есім беруде негізге алынатын ортақ қағидаттарға тоқтала кетейік.

Ағылшын халықтарында бала туғанда оған әдетте екі есім: жеке есім (personal name, first name) және орта есім (middle name) беріледі. Жеке есім дегенді ресейлік лингвист А.В. Суперанская «индивидуальное именование субъекта, официально закрепленное за ним при рождении», - деп тұжырымдай келе, адамның шын аты мен лақап немесе бүркеншік атының ара-жігін былай деп ажыратады: «личные имена отличаются от прозвищ главным образом тем, что в первых нарицательное значение основ не столь очевидно, как во вторых. В прозвищах оно всегда свежо... В личных именах нарицательное значение основ почти всегда затемнено. Прозвища всякий раз создаются вновь, личные имена переходят из поколения в поколение...» [4]. Әдетте ағылшын халықтары балаға төрт қосымша есім береді. Мысалы: Charles Philip Arthur George, Andrew Albert Christian Edward, Edward Antony Richard Louise, Anne Elisabeth Alice Louise. Бірінші есімі (first-Christian name) – бұл туылған кезде берілетін христиандық есім, орта (second-middle name) – бұл қосымша мінездеме беретін есім, бұған қоса, (maiden name) шешесінің қыз кезіндегі тегін, әкесінің тегі жөнін де, және де жақын туыстарының аттарын да қосуға болады, сонымен ең соңғысы, (surname or last name) – тегі [5].

Бастапқыда есімдер, кейін тектер (фамилия) және тек 17 ғасырда ғана орта есімдер пайда болған.

Қазақ антропонимдерінің компоненттілігіне келетін болсақ, ерте дәуірлерде ресми түрде бір ғана есіммен аталу дәстүрі болса, ендігі жерде патроним иемдену, яғни әке атымен аталып, олар шын атпен қатар айтылатын болған. Потронимдердің көрсеткіштері болып, ілік септіктің –ның, –нің формасы және ұлы, қызы тәрізді сөздер қолданылған. Бұл құбылыс XVII- XVIII ғасырлардағы халықтың сөйлеу тілі мен ауыз әдебиетінде кеңінен орын алғаны байқалады. Мысалы: Базарбай ұлы Төлеген, Сырлыбайдың қызы Жібек, Көктімнің қызы Құртқа, Сейілдің ұлы Қараман, Қаржан ұлы Қосдәулет, Өмір ұлы Сыбан, Қарасай ұлы Көбен, Алшағыр ұлы Теген, Керей ұлы Келімбет, Қоянақ ұлы Қарт Қожақ т.б. (бұлар фольклорда бар есімдер).

XVIII ғасырдың орта кезінен бастап ресми документтердегі патронимдердің жұрнағы ретінде арабтың бин сөзі қолданылған. Мысалы: Тіленші батыр бин Бөкенбай, Сырым бин Дат, Алла Жар бин Ертай, (1794). Алайда, мұндай патронимдік форма тұрақтанбай, оның орнына қайтадан көне тұлғалы ұғлы сөзі басады; Сейтқали Нұрғали ұғлы, Сұлтан Мырза ұғлы, Бердіқожа Қадырбай ұғлы, Сатай Бұлан ұғлы т.б.

Фамилиялардың шығу, пайда болу тарихы саяси қоғам өмірімен тығыз байланысты. Ол ең алдымен қазақ хандарының Ресеймен экономикалық және саяси байланыстар жасау кезінен бастап пайда бола бастайды. Сол кездегі патша үкіметінің іс қағаздарында әке атымен жазылмай, -ов, -ев жұрнақтары арқылы фамилия ретінде жазылу белгіленді. Ең алғаш рет, мұндай фамилиялар 1716 жылы Тобольскі қаласына барған қазақ хандарының елшілері орыс құжаттарында Бекболат Екешов және Байдәулет Нұриев болып, 1726 жылы

Әбілқайыр елшісі Қойбағар Петербургке барған соң Қойбағар Көбеков болып, одан кейінгілер Сейтқұл Құндағұлов, Құтлымбет Көштаев болып жазылған көреміз [6].

Сөйтіп, XVIII ғасырдан бастап орыс құжаттарында қазақтардың әке атымен аталуы орысша –ов, -ев жұрнақтары арқылы көріне бастайды. Мысалы: Сұлтан Қаратай Нұрғалиев, Жоламан Тленчин, Кулмухаммед Джанибеков, Асан Барков, Дербисали Кайгиликов, Асан Барашев, Джанали Инбаев, Арангазы Абылғазиев, Байғана Куниев, Күтебер Бясинов, Арслан Таналин, Байбек Байготанов.

XVIII – XIX ғасырларда әке атына орыс фамилиясының –ов, -ев жұрнақтарын қосу нәтижесінде фамилиялар қалыптаса бастайды. Ондай фамилияларды иемденген адамдарды тарихи деректемелерден көптеп кездестіруге болады. Мысалы: Бегалиев, Шөке Нұралиев, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Қапланбай Қалдыбаев, Сарт Ералин, Сымайыл Өтемісов, Жанқожа Нұрмағанбетов, Бекет Серкебаев, Ерназар Кенжалин, Есет Көтібаров және т.б.

Ресми түрде фамилия қабылдау, әсіресе, XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Бұл кезде оқып, білім алған халқымыздың тұңғыш оқымысты, ағартушы демократтары мен ақындары да ресми фамилиямен жазылғаны белгілі. Мысалы: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев және т.б.

Профессор Ғ.Мұсабаев, Ғ.Айдаров еңбектерінде көне түркі есімдері, тілдегі сөздер мен кісі аттарының жасалу заңдылықтарындағы ұқсастық, ондағы кішірейткіш, еркелеткіш, ұлғайтқыш жұрнақтардың қызметі, өзіндік ерекшелік сипаттары берілген. Тілдегі осы өзекті мәселеге профессор Ғ.Мұсабаевтың «Қазақ тіліндегі кейбір кішірейткіш жұрнақтар» атты мақаласы арналған. Автор кісі аттарындағы еркелеткіш –ш, -қан, -жан, -тай тәрізді жұрнақтардың семантикасы мен функциясын саралайды [7]. Сонымен қатар халқымызда кісі есімін қысқартып, түрлендіріп айту да бар. Мысалы: Берік- Бәке, Сәкен- Секе, Серік – Секе, т.б.

Ағылшын тілінде дериваттар жасау үлгісі ретінде де сөзді қысқарту қолданылады: Ben - Benjamin, Dan - Daniel, Danny - Daniel, Jimmy - James, Betty- Elizabeth, Johnny - John және т.б.

Ағылшын есімдері құрамының толығыуына ағылшын әдебиетінің көрнекті өкілдері, яғни көркем шығармаларында бірқатар есімдердың таралуына ықпал етумен қатар, жаңа есімдерді ойлап тапқан жазушылар өз үлесін қосқан. Мәселен, Джонатан Свифтекі Vanessa және Stella сияқты екі жеке есімді ойлап тапқан. Шекспирдің арқасында Silvia, Celia, Julia, Juliet, Jessica, Ophelia, Viola есімдері кеңінен таралды.

XV - XVIII ғасырларда қазақ халқының ауыз әдебиеті кеңінен дамыған еді. Ауыз әдебиетінің түрлі жанрларында төрт түлік мал көбірек айтылып отырады. Сөйтіп, төрт түлік мал атауына байланысты ат қою дәстүрі кеңінен етек алды. Бұрынғы дәуірлерде төрт түліктен жылқы, қой, сиыр, ешкі атаулары ғана кісіге есім ретінде қойылған болса, енді олардың түрлері мен жас мөлшеріне байланысты есімдер көбейеді. Мысалы: Құнантай, Дөнентай, Қаратай, Сарытай, Құлыншақ, Құлынбек, Бота, Тайлақ, атанқұл, Тоқтыбай, Қозыбай, Қозыбағар, Бұзаубай, Танабек, Баспақ т.б. Бұл кезде ауыз әдебиетінің ертегілер мен батырлары туралы, әлеуметтік-салттық поэмалары халық арасына кеңінен тарайды. Әрбір ата-ана балаларын халық қамын жеген, елін, жерін сүйген батырлардай болсын деген мақсатпен ер балаларына: Қобыланды, Қамбар, Алпамыс, Қожақ, қыз балаларына: Құртқа, Қарлыға, Назым деген аттарды қойған. Сонымен қатар, махаббат, сүйіспеншілік жырларындағы есімдер де қойылып отырған. Мысалы: Жібек, Төлеген, Сансызбай, Қарлығаш, Баян, Қозы, Мақбал, Сұлушаш, Зылиха, Жүсіп, Ләйлі және т.б.

Есімдердің гендерлік аспектісін зерттеу мәселесі де тіл ономастиконын, атап айтқанда антропонимдерді зерттеудің маңызды қырларының бірі.

Ұл мен қызға қойылған аттарды саралай келе, оларды тек ұл балаға қойлатын есімдер: Абылай, Қабанбай, Бөгенбай т.б.; тек қыз балаға қойылатын есімдер: Айна, Айгүл, Әсем т.б.; ұлдар мен қыздарға бірдей қойылатын есімдер: Жанат, Дидар, Асыл т.б. деп жіктеуге болады. Кісі есімдерінің гендрлік жүйесінде кей сөздер тірек сыңар ретінде келіп

тек қыз баланың, не ұл баланың есімдерін жасайтын сөздер болып келеді. Олар: шаш, көз, гүл, сұлу, бике, бибі, батыр, бала, берген, берді, ер, бай, бек, мырза, сұлтан, ғали, хан, жан, тай, ақ, ай, нұр, т.б.. Мысалы: Шаш сөзі арқылы жасалатын кісі есімдерінің барлығы да қыз балаға қойылады. Өйткені шаштың әдемі, ұзын, бұрымды болуы негізінен қыз балаға тән деп есептелінеді. Шашсебепші негізі арқылы жасалған екіншілік мағыналы кісі есімдерінің парадигмалық сипаты мынадай болады: Алтыншаш, Сүмбілшаш, Сұлушаш, Қарашаш т.б.

Ағылшын тілінде Марион, Ким, Мишель есімдері қыздарға да, ұл балаларға да қатысты қолданылады.

Сондай-ақ қыз баланың есімін әдеміліктің символы болып саналын гүлге немесе бағалы тастарға балап қою да көптеп кездеседі, мысалы: Blossom – түс, рең; гүлдену; Butterscup – сарғалдақ; Clover – жоңышқа, беде; Daffodil – сұрғылт сары нарцисс; Ivy – шырмауық гүлі; Liliac – сирень гүлі; Amber – янтарь; Beryl – берилл (меруерт тастың бір түрі); Pearl – інжу; Ruby – лағыл.

Тілді тұрақты құбылыс деп айтуға болмайды. Әлемде, қоғамда үнемі болып жататын әртүрлі сипаттағы құбылыстар міндетті түрде тілден көрініс табатыны анық. Халқымыздың ғасырлар бойы басынан кешірген өмір жолында табиғат пен аңға, құсқа сыйыну, ай мен күге табыну, хайуандардан ит, қасқыр, бұқа сияқтыларды тотем ету – бәрі кісі аттарының қойылуына әсер етпей қоймады. Осымен қатар, көрші-қоңсы елдермен араласу, шет елдермен байланыс жасау нәтижесінде тілімізге мыңдаған сөздермен қатар, кісі аттарының да еніп отырғаны мәлім. Қазақ халқының құрамына енген бөлек тайпалар мен рулардағы кісі аттарының сіңіп кетуінен болған субстрат, суперстрат құбылысы да антропонимдер құрамын едәуір байытқан.

Қазақ антропонимдерінің байи түсуі ислам дінінің тарауымен де байланысты болды. X ғасырдан бастап ислам діні қазақ даласының түпкір-түпкіріне тарап, мүмкіндігінше сіңісе бастайды. Сөйтіп, мұсылман дінінің ықпалы күшті болып, тұрмыстық, қоғамдық жағдаяттың барлық саласына әсерін тигізді. Бұл кездерде тілімізге мыңдаған сөздер мен сөз тіркестері, кісі аттары мен этнонимдер енді. Араб тілінен енген есімдердің көбеюі төл есімдеріміздің дамуына белгілі дәрежеде тежеу жасап, кедергі болды. Бірақ, халық арасында төл сөзімізден есім қою дәстүрі кеңінен қолдау тауып отырғаны аян. Ал араб-иран тілдерінен енген есімдер болса, халық тілінде бастапқы тұлғасында айтылмай, аса қатты дыбысттық өзгеріске ұшырап, жаңа формаға ие болып отырады. Қазақ есімдері әсіресе XV – XVIII ғасырда құрамы жағынан байып, толыса түсті. Мұның өзі әлеуметтік қоғамның дамуымен байланысты құбылыс еді. Бұл дәуірлерде, алдымен, қазақ тайпаларының негізінде біртұтас қазақ халқы қалыптасқан, нығайған кезі еді. Осымен байланысты жер мен жер, ел мен ел байланысы нығайып, жалпы халықтық әдет-ғұрып, тіл бірлігі күшейе түсті. Бұрын Қазақстанның бірғана жерінде айтылатын өлең-жыр, ертектер, алуан түрлі сөздер мен кісі аттары енді басқа жерлерге де тарап, барып жатады.

Ат қоюдың тағы бір түрі – қазақ халқының ұлттық әдеті бойынша жас келіндер күйеуінің жақын туыстарының, ата-енесінің аттарын атамайтындығы. Жас келін күйеуінің ағасын, інісін я қарындасын тура атымен атай алмай, жанама ат қойып алатын болған. Атап айтқанда, қайын сіңлілерін – шырайлым, бикеш, бойжеткен, әке қыз, еркем, ержеткен, ерке қыз, ал ер адамдарды төрем, шырақ, мырза жігіт, молда жігіт т.б. деп атайған. Тіпті күйеуінің құрдастарын аттарын атауды да ұят санап құрдас, замандас немесе аттас деп атау дәстүр ұстағаны белгілі.

Мақаламызда біз қазақ есімдері ағылшын есімдерінің ерекшеліктерін қозғадық. Жалқы, оның ішінде антропонимдер сөздік құрамның маңызды компоненттері болып табылады және оларды бұрыс қолдану мәдениетаралық қарым-қатынас процесіндегі өзара түсіністікке нұқсан келтіреді.

Антропонимдер бұрынғы замандардан этникалық ақпарат жеткізетін мәдени, тарихи және әлеуметтік құбылыс. Антропонимдер халықтың өткендегі қоғамдық, әлеуметтік құрылысын, тұрмысын, діни және мәдени өмірдің құбылыстарын бейнелей отырып, оның лингвистикалық және этномәдени тәжірибесінің көсеткіші болып табылады. Оларды халық

дүниетанымының репрезентациялары деп айтуға болады. Сондықтан осы тілдік бірліктердің тілдік жүйедегі орны ерекше, ал оларды құбылмалы жаһан жағдайында зерттеу күн тәртібінен түспек емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. В.А.Никонов Имя и общество. – М.: Наука, 1965. -179-б.
2. Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998.
3. Жанұзақов Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы: Ғылым, 1988. 140 б.
4. Суперанская А.В. Структура имени собственного. - М.,1983.
5. The Oxford Companion to English Literature.– Oxford University Press, 1998. – 1149р.
6. Қазақ ССР тарихы. I том. Алматы, ҚМБ, 1957 ,243-252 б.
7. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіліндегі кейбір кішірейткіш жұрнақтар.Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, лингвистикалық серия, 6-шығуы, 1950, №82.

УДК 378.147

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА САБАҚ ЖОСПАРЫНЫҢ РӨЛІ

Босжигитова Гульнур Абдимажитовна

kulmat90@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ бірінші курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші- Есенғалиева А.М.

Білім берудегі мақсат тек білімді кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру керек екенін баса айтқан жөн. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 29 қаңтар 2011 жыл Қазақстан халқына жолдауында «Мен қазіргі заманғы қазақстандықтар үшін үш тілді білу әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін»- деді [1].

Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты - шетел тілінде сөйлеуді үйрету, байланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым - қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиелік мақсаты - өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету.

Ұстаз біріншіден, өзі еркін білетін тілде дәріс беру шарт. Екінші шарт - шәкірт түсінікті тілде сабақ алуы қажет. Шетел тілдері сөздерінің мағынасын түсіндіру мәселесі туралы ғалымдар пікірі 2 топқа бөлінеді.

Бірі ана тілін мүлде қолданбау керек(И. Е. Аничков), олар шетел тілін оқытуды ана тіліне сүйеніп, шетел тілінде сөйлеу дағдыларына нұқсан келтіреді десе, енді біреулері (Л. В. Щерба, Т. Ф. Лапангова) керісінше ана тілінің интерференциясын азайтуға болатынын дәлелдеген. Шетел тілін меңгеру дағдысын қалыптастыруда ана тілін мүлде аластау арқылы емес, ана тілінің интервенциялық ықпалы арнайы әдіс - тәсілдердің көмегі мен жеңген дұрыс [2], деген пікір айтады.

Ағылшын тілін үйретуде сабақ жоспарының рөлі ерекше. Сабақ — бір пәнді оқытуға арналған оқу [сағаты](#); оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі.Сабақ арнаулы бөлмелерде, оқу кабинеттері мен зертханаларда, оқу шеберханалары мен [мектептің](#) оқу тәжірибе үлескілерінде өтеді. Тұрақты оқушылар құрамы, кесімді уақыт көлемі (45 мин) және оқу кестесі бойынша жүреді. Оқыту әдістері, ұжымдық және жеке-дара жұмыстар сабақтың негізгі белгілері болып табылады. Сабақтың негізгі міндеті — [мұғалімнің](#) басшылығымен оқушыларға [ғылым](#) негіздерінен берілетін мағлұматтарды